

является основным ядром самостоятельности обучающихся на современном этапе обучения, предусмотренной кредитной системой обучения.

При этом следует помнить, что основная задача занятий русского языка не заучивание грамматических правил и определений, а формирование коммуникативных умений:

- ✓ умения запросить информацию (задать вопрос);
- ✓ уточнить и ответить на чей-либо вопрос (диалогическая речь);
- ✓ умения рассказать о чем-либо, последовательно излагая факты и мысли (монологическая речь).

Громадный опыт преподавателей-словесников подтверждает мысль о том, что грамматику русского языка, необходимую для организации учебного речевого общения и формирования прочных коммуникативных навыков и умений, удобно представить в виде справочных таблиц, схем, кластеров, рисунков. Воспринимая грамматические закономерности в такой форме, студент не затрачивает много времени и усилий на осмысление грамматической закономерности (как это бывает при обязательном изучении правил, преподносимых в обычной форме).

При этом нет перегрузки механической памяти, в работу по усвоению грамматики вовлечены зрительная память и механизмы логической группировки материала, имеющие индивидуальные особенности.

В результате у преподавателя появляется возможность усилить коммуникативную направленность занятия, посвятить больше времени решению коммуникативных задач.

Выполнение предлагаемого метода работы позволяет выработать у обучающихся навыки самостоятельной работы с различной литературой, раскрыть свой творческий потенциал, способность самостоятельного планирования и выполнения, умение применять правила составления и оформления рефератов и отчетов.

Литература:

1. Азимов Э.Г., Щукин А.Н. Словарь методических терминов (теория и практика преподавания языков). Электронная версия. "ГРАМОТА.РУ", 2002.
2. Бордовская А.А. Педагогика. – СПб, 2000. – с. 183-200.
3. Маркова А.К., Матис Т.А., Орлов А.Б. Формирование мотивации учения. – М.: Знание, 1990.

ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІКТЕРДЕ МУЛЬТИМЕДИЯЛЫҚ МАТЕРИАЛДАРДЫ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ КӨПТІЛДІ БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ АЯСЫН КЕҢЕЙТУ

Хаджаева Ж. Б., оқытушы; Ибраева Э. С., оқытушы
Академик Е.А.Бокетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

Мақалада қоғамдық көліктерде мультимедиялық материалдарды қолдану арқылы көптілді білім беру үдерісін ұйымдастыру аясын кеңейту мақсаты мен өзектілігі қарастырылған.

Кілт сөздер: көптілді білім беру, мультимедиялық материалдар, әлеуметтік-мәдени жағдай, тілдік саясат, тілдердің үш тұғырлығы, аудио-видео материалдар.

Қазіргі алуан түрлі өзгерістер мен жаңалықтар әлемдік мәдениет пен білім беру жүйесіне әсерін тигізбей қоймайды. Себебі, сол өзгерістер мен жаңалықтар адамзаттың жарқын болашаққа деген кепілдемесі. Осылармен ілесе алған мемлекеттер ғана келешегіне нық сеніммен қарай алады.


Осы уақытқа дейін біздің мемлекетіміз де көшбасшылықтан қалыс қалмауда. Оны Елбасы Н.Ә.Назарбаев таңдаған "Нұрлы жол-болашаққа бастар жол" атты халыққа жолдауынан көруге болады: Біз тұрақтылықты бағалай білгеніміздің арқасында бүгінгі табыстарға жеттік. Ешкімді кемсітпей, ешкімнің тілі мен ділін мансұқтамай, барлық азаматтарға тең мүмкіндік беру арқылы тұрақтылықты нығайтып келеміз. Біздің кейінгі ұрпаққа аманаттар ең басты байлығымыз - Ел бірлігі болуы керек. Осынау жалпыұлттық құндылықты біз әрбір жастың бойына сіңіре білуге тиіспіз" [1]. Қазіргі қазақстандық саясат - жан-жақты көрегендікпен бағытталған. Елде жасалынып жатқан әрбір нормативтік құжаттар, мемлекеттік бағдарламалар халықтың қалауынан шығып отыр. Бұл бағдарламалардың басты мақсаты - Қазақстанда тұратын барлық халықтардың жағдайында ұлт бірлігін нығайтудың маңызды факторы. Ұлт бірлігін нығайту үшін - қазақстандық патриотизм, елі мен жеріне деген ұлтжанды сезімдерді дамыта отырып, ортақ келісімділіктің, толерантылықтың,

адамгершілік пен гуманистік, рухани, мәдени құндылықтардың болуы маңызды. Қазақстан 120-дан астам ұлт пен ұлыстарды өз шаңырағына жинаған көп ұлтты мемлекет. Аталған ұлт пен ұлыстардың бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығару үшін жаңа заманның саяси, экономикалық, әлеуметтік-мәдени құрылымдарының дамуына ат салысуы қажет.

Көп ұлтты Қазақстан үшін қазіргі таңда көптілділік пен көпмәдениеттілік ұғымдары таныс болғанымен, аталған ұғымдармен біз алғаш рет "Тілдердің үштұғырлығы туралы идея" барысында таныс болғанбыз. Сол сияқты Қазақстан Республикасында тілдерді қолдану мен дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы [2], Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беру тұжырымдамасы [3], Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы [4] бекітілді және «Қазақстан-2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты жолдауында айтылған болатын [5]. Бірақ бұл бағдаламалардың тіл саясаты аясындағы нәтижелерін көруге әлі ерте. Сан түрлі мәдениеті бар, көп тілд Қазақстанда халықтар дамуының әр алуан бағыттары олардың тілдері мен мәдениеттерінен айқын сезіледі: бұл орайда жаһандасу уақыт талабы болса, екінші жағынан халықтың мәдениетін, тілін, бет-бейнесін сақтап қалуға деген ұмтылыс байқалады [6]. Тілді ата-бабамыздан мұра болып қалған мәдениеттің өнімі, мәдениеттің бөлігі, мәдениеттің шарты ретінде қарастырамыз. Тіл - мәдениеттің құрамдас бөлігі және оның құралы, біздің рухымыздың шынайы көрінісі, мәдениеттің бет-бейнесі [7].

Тілдердің үштұғырлығы туралы идея 2006 жылдың қазанында Қазақстан халқы Ассамблеясының XII сессиясында ресми түрде мәлімделді. Ол мемлекетіміздің әлемдік қоғамдастыққа енуіндегі өмірлік қажеттіліктерге негізделді. Дамыған әлемдік тілдер ішінде ағылшын тілі ел мен халықтың коммуникациялық және интеграциялық қабілеттерін кеңейтетін тіл ретінде таңдалды. Президент 2007 жылы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» Жолдауында. «Тілдердің үштұғырлығы» мәдени жобасын кезеңді жүзеге асыруды бастауды ұсынды. «Тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» бойынша мемлекеттік тілді қазақстандық өзге ұлт азаматтарының 2014 жылы – 20%-ы, 2017 жылы – 80 %-ы, 2020 жылы – 95 %-ы, сонымен қатар, орыс тілін 2020 жылы қазақстандықтардың 90%-ы, ағылшын тілін 2014 жылы – 10%-ы, 2017 жылы - 15%-ы, 2020 жылы -20%-ы меңгеру керек деген мақсат қойды. Үш тілді меңгерген халықтың бөлігі 2014 жылы - 10%, 2017 жылы - 12%, 2020 жылы - 15% құрау керек деген міндет қойылып отыр [2;20.].

Біз Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес «Қазтест» тапсыру арқылы аталған үдерісті алдағы жылдарда төмендегідей түрде байқауымызға болады:



1- Қазақстан Республикасында тілдерді қолдану мен дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы бойынша «Қазтест» тапсыру бойынша күтілетін нәтижелер.

Алайда, бүгінгі қоғамдағы туып отырған экономикалық, әлеуметтік тұрақсыздық мәселелері, жұмыссыздық және де бұдан басқа жағымсыз факторлар, уақыт талабына сай тұлғаның рухани адамгершілікті тәрбиесінде өзінің кері әсерін тигізуде.

Көптілді оқыту барысында ғаламтор желілерінің мүмкіндігі көп екендігін білеміз. Алайда, қоғам арасында уақыт тапшылығы мен әлеуметтік жағдайы төмен тұрғындардың ғаламтор желілеріне қол жетімсіз болуы тілдерді меңгеруде қиыншылық тудыратыны сөзсіз. Тіпті білім беру орындарының тілдерді меңгеруге берілген сағат сандарының аздығы тілдерді меңгеруге үлкен қиыншылық туғызатыны айтпаса да белгілі. Ал, қоғамдық көліктерде жағдай тіпті басқаша, орыс тіліндегі жарнамалардан көз ашылмайды.

Егеменді еліміздің өркендеуі жолында көлік жүйесі әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан ауадай қажет екендігін ескеретін болсақ, аталған салада азаматтардың жұмыспен қамтылу деңгейі де өте жоғары. Оның үстіне, теміржол, автокөлік жолдары бағыттары арқылы күнделікті мыңдаған қала тұрғындары оқу, жұмыс орындарына жеткізіледі. Қоғамдық көлік қала тұрғындары үшін маңызды

рөл атқаратыны сөзсіз. Халықтың табыс деңгейінің өсуіне қарамастан, еліміздің қалаларының басым көпшілігі үшін қоғамдық көлік негізгі қозғалу әдісі болып қала бермек. Оның негізгі тұтынушыларына:

- Табыс деңгейі орташадан төмен азаматтар;
- Халықтың әлеуметтік қорғалмаған тобы;
- Бюджеттік сала қызметкерлері (мұғалімдер, дәрігерлер);
- Өзінің жасына қарай көлік жүргізе алмайтын азаматтар (егде адамдар мен балалар) [8].

Қарағанды қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі қаланың маршруттары үшін телеарна мен автопарк директорларына жолаушылар көліктеріндегі аудиовизуалды жарнама мен көрнекі ақпараттарды ҚР «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» заңының 21 бабының талаптарына сәйкестендіру қажеттілігі туралы хаттар жолдаған болатын. Алайда, заң талаптары да, әкімдік тарапынан жолданған хаттар да назардан тыс қалуда.

Қала ішінде қатынайтын автобустар және түрлі бағыттарда жолаушылар тасымалдайтын көліктерде «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» заңы 21 бабының талаптары сақталмайды. Аталған бапқа сәйкес, көрнекі ақпараттардың барлық мәтіні мынадай ретпен: мемлекеттік тілде – сол жағына немесе жоғары жағына, орыс тілінде оң жағына немесе төменгі жағына орналасады, бірдей мөлшердегі әріптермен жазылады. Қажеттілігіне қарай, көрнекі ақпараттардың мәтіндері қосымша басқа да тілдерге аударылуы мүмкін. Бұл жағдайда қаріп өлшемі нормативтік құқықтық актілерде белгіленген талаптардан аспауға тиіс. Ауызша ақпарат, хабарландыру, жарнама мемлекеттік тілде, орыс және қажет болған жағдайда, басқа да тілдерде беріледі. Бүгінгі күні көлік құралындағы жарнама өзге жарнама тасымалдаушыларға қарағанда арзанырақ. Сонымен қатар, оның тиімділігі де кем емес. Көліктегі жарнама тұтынушыға ұзағырақ әсер қалдыратынын атап өту керек. Сонымен қатар, жолаушылар тасымалдайтын автокөліктерде халыққа маршруттық телеарна қызмет көрсетуде. Қарағанды қаласының жолаушылар тасымалдайтын автобустарында халыққа қызмет көрсететін «Бірінші маршруттық телеарна» өз қызметін тек орыс тілінде жүзеге асырады.

[9]. Аталған ақпаратты саралай келесідей қорытындыға келуге болады, мемлекеттік тіліміздің қараусыз қалуы – тіл саясатын қарқынды жүргізуге кері әсерін тигізуде. Орыс тілі – ұлтаралық қатынас тілі болғанымен, қазақ тілінің заңдық құқықтары шектемелуі керек деп санаймыз. Сондықтан да, жүрегі қазақстандық деп соғатын әрбір азамат қалыс қалмай мемлекеттік тіл саясатын қолдау керек, азаматтық позициясын берік ұстануы қажет.

Қазіргі таңда еліміз көптеген дамыған мемлекеттер алдында беделі асқақтап тұр. Келер жылдарға жоспарланған, Қазақстанды төрткүл дүниеге паш ететін «Expo-2017», «Қысқы Универсиада Алматы-2017» әлемдік деңгейдегі іс-шаралар үлкен жауапкершілікті талап етеді. Сол уақыт аралығында Қазақстанға 2 миллионнан астам қонақ келеді деп болжануда.

Қонақжай халқымыздың бірден-бір байлығы, ол ұрпақтан ұрпаққа аманат еткен асыл қазынасы – мәдениеті. Сол мәдениетті – әлемнің үшінші тілі атанған ағылшын тілінде жеткізу үшін үлкен жұмыс атқарылуы тиіс.

Сол жұмыстың бастамасы ретінде қоғамдық көліктерде мультимедиялық материалдарды қолдану арқылы көптілді білім беру жүйесі аясын кеңейтуіміз керек.

Қоғамдық көліктерде қазақ-орыс-ағылшын тілдеріндегі әр-түрлі өмірлік жағдаяттарға байланысты таспаларды (аудио, видео, жазбаларды) қолдану арқылы жергілікті тұрғындар мен қала қонақтарына Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев ұсынған «Тілдердің үштұғырлығы» бағдарламасы мен «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының аясын халық арасына кеңейту мүмкіндігі туралы айтқымыз келеді. Сол арқылы көптілді тұлғаның қалыптасуына үлесімізді қосамыз. Қазіргі таңда біздің қаламыздың қоғамдық көліктерде көптілді білім саясатын жүргізуге барлық мүмкіндіктері де бар.

Қорыта айтқанда, елімізде үздіксіз жүргізілетін маңызды іс – үш тілді қазақ, орыс және ағылшын тілдерін меңгеруге деген қызығушылықты ынталандыру, жан-жақты дамыған, бәсекеге қабілетті тұлға тәрбиелеу екендігін есімізден шығармауымыз керек.

Әдебиеттер:

1. Н.Назарбаев «Егемен Қазақстан» – 2014ж. – 12 қараша. (№221) – Президент жолдауы «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол».
2. Қазақстан Республикасында тілдерді қолдану мен дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. 2010 жыл 7 желтоқсандағы N1113 Жарлығымен.
3. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беру тұжырымдамасы 2004 ж. // «Егемен Қазақстан» – 2004 ж. – 25 наурыз. ҚР «Білім туралы» Заңы Қазақстан Республикасының 2007ж. 27 шілде N 319 Заңы //«Егемен Қазақстан» – 2007 ж. – 15 тамыз.
4. «Қазақстан-2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауы // «Егемен

Қазақстан» – 2012 ж. – 15 желтоқсан.

5. «Әлемдік мәдениеттану ой-айнасы». Он томдық, 10-том, Қазақстанның қазіргі заманғы мәдениеттану парадигмалары. – Алматы: Жазушы, 2006. – 350б.

6. Гудков Д.Б. теория и практика межкультурной коммуникации. М., ИТДГК "Гнозис", 2003. С.288.

7. Қазақстанның ірі қалаларындағы қоғамдық көлікте жол жүру ақысының қолжетімділік рейтингі <http://agencyrating.kz/rating-proezd-kz/?lang=kz>

15.01.15 жыл

8. «Қоғамдық көлік қызметінде ана тіліміз ақсап тұр» <http://ortalyk->

9. kaz.kz/publ/leumet/o_amdy_k_lik_ymetinde_ana_tilimiz_a_sap_t_r/4-1-0-2504 18.01.2015жыл

«МӘНГІЛІК ЕЛ» ИДЕЯСЫН БІЛІМДІ ДЕ БІЛІКТІ ЖӘНЕ БӘСЕКЕЛЕСТІККЕ ҚАБІЛЕТТІ МАМАНДАР ІСКЕ АСЫРАДЫ

Хожин Г.Х., к.т.н., профессор
Алматы энергетика және байланыс университеті
Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы

Президент Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауларында көрсетілгендей Қазақстанның әлемдегі дамыған 30 мемлекеттің қатарына кіру және «Нұрлы жол» бағдарламасын орындау үшін жоғары сапалы білімді де білікті, бәсекелестікке қабілетті өз халқының қамын ойлайтын, басқа ұлттардың әдет-ғұрыптарын, мәдениеттерін сыйлай білетін, еліміздің гүлденуіне жауапкершілік сезіммен қарайтын мамандарды дайындаудың және «Мәңгілік Ел» идеясын орындаудың кейбір негізгі мәселелері қарастырылған.

Түйін сөздер: Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан Халқына Жолдаулары, «Нұрлы жол», білімді де білікті, бәсекелестікке қабілетті мамандарды дайындау, жаңа технология, «Мәңгілік Ел».

Еліміздің Президенті Н.Ә.Назарбаев өзінің Қазақстан Халқына Жолдауында (11.11.2014 ж) Қазақстанның «Нұрлы жол» Жаңа экономикалық саясаты туралы жариялады. «Нұрлы жол» экономиканы әрі қарай қайта құрылымдауға бағытталатын болады. Нақты айтқанда, көліктік, энергетикалық, индустриялық және әлеуметтік инфрақұрылымдарды, шағын және орта бизнесті дамытуға бағытталады» - деп нақты атады [1].

Елбасы бұл Жолдауында халықтың әлеуметтік экономикалық жағдайын одан әрі дамытуды ең басты мәселе деп көрсетті. Ол үшін білім мен ғылымды жоғары деңгейде қолданатын бағдарлама ұсынылып отыр. Бұл Елбасының адам капиталын дамытуға бағытталған көреген саясатының жарқын көрінісі. Соның нәтижесінде Қазақстан «Мәңгілік Ел» - жалпы ұлттық идеясына топтасқан әлемдегі бірден-бір жоғары деңгейде дамыған, жаңа экономикалық, саяси, рухани мазмұнмен толықтырылған Ел болатындағы анықталған.

«Мәңгілік Ел» идеясын жүзеге асыру үшін заман талабына сәйкесті білімді де білікті және бәсекелестікке қабілетті мамандарды дайындау қажет. Сапалы білім беру және білікті мамандар дайындау мәселелеріне байланысты Президент Н.Ә.Назарбаев өзінің Жолдауында (11.11.2014ж) – «Индустрияландыру бағдарламалары шеңберінде базаларында ғылымның экономика салаларымен және мамандар дайындаумен байланысты қамтамасыз етілетін 10 жоғары оқу орындарын (ЖОО) анықталды. Осы мақсаттарға 2017 жылға дейін 10 миллиард теңге бағыттай отырып, осы жоғары оқу орындарының материалдық – техникалық базасын қалыптастыруды тапсырамын» - деп анық атады [2].

ҚР Президенті өзінің Жолдауларында «Ең негізгі мақсат – барлық деңгейдегі білім берудің тиімді жүйесін қалыптастыру және жаңа сатыға көшіру, ғылыми зерттеулердің нәтижелерін әлемдік деңгейге шығару және осы инновациялық үрдістерге қосу» - деп айқын көрсетті. Бұл Елбасының адам капиталын дамытуға бағытталған саясатының тағыда бір құнды көрінісі [1,2].

Елбасы өзінің Жолдауларында «Назарбаев Университеті төңірегінде трансферат пен жаңа технологиялар құруға ықпал ететін инновациялық-интеллектуалдық кластер қалыптасуы тиіс» - деп атап өткен еді. Сонымен қатар, Н.Ә.Назарбаев мемлекет, бизнес, білім және ғылымның тығыз байланысына негізделген инновациялық жүйесін құру керектігін атап өтті.

Осы мәселелерге байланысты білім және ғылым министрлігі алқа отырысында жоғары оқу орындарында мамандарды дайындау стандартын қайта құру, бітірушілерді сертификаттау, біліктілікті арттыру жүйесі сияқты өзекті де ауқымды проблемаларды шешуді талқылады. Сонымен қатар, мемлекеттік бағдарламаны іске асыруды қамтамасыз ету бағытында біркелкі жұмыстар